

2019-2021 жылдарға арналған Ақжар аудандық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 35-4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 5124 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған Ақжар аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 610 625,7 мың теңге:

салықтық түсімдер – 354 003,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 14 790,4 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7 735 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 234 097 мың теңге;

2) шығындар – 4 612 347,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 15 789 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 45 450 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 29 660,7 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -17 510,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 17 510,8 мың теңге:

қарыздар түсімі – 45 450 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 29 660,7 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 721,5 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 28.10.2019 № 47-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 22.11.2019 № 48-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын табыстар бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

тіркелген салық;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы – аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты

орналастыру объектілерінде, аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақы;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды, өсімпұлдарды, санкцияларды, өндіріп алуларды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінде мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуді түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылады.

6. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне 2019 жылға берілетін бюджеттік субвенциялар 2 268 264,0 мың теңге сомасында көзделсін.

7. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;
- 2) халықты жұмыспен қамту орталықтарында көмекшілерді және әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесшілерді енгізуге;
- 3) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 4) еңбек нарығын дамытуға;
- 5) ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 6) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;
- 7) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;
- 8) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;
- 9) ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;
- 10) мектептердің педагог-психологтарының лауазымдық айлық ақыларының мөлшерлерін ұлғайтуға;
- 11) мектептердің педагог-психологтарына педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;
- 12) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға;
- 13) білім нысаналарын күрделі жөндеуге.

Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2019-2021 жылдарға арналған Ақжар аудандық бюджет туралы Ақжар аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

8. 2019 жылға арналған аудандық бюджетінде республикалық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер есепке алынсын.

Бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2019-2021 жылдарға арналған Ақжар аудандық бюджет туралы Ақжар аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

8-1. Осы шешімге 3 қосымшаға сәйкес аудандық бюджет қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтарын және республикалық және облыстық бюджеттерден 2018 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен шығыстар көзделсін.

Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 20.03.2019 № 39-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен мақсатты трансферттер есепке алынсын.

Аталған облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2019-2021 жылдарға арналған Ақжар аудандық бюджет туралы Ақжар аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

10. Аудандық бюджетте 4 қосымшаға сәйкес 2019 жылға ауылдық округтер бойынша бюджеттік бағдарламалар көзделсін.

11. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылу үрдісінде секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалар тізбесі 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

12. 2019 жылдың аудандық бюджетінде 6 қосымшаға сәйкес аудандық бюджеттен ауылдық округтер бюджетіне берілетін бюджеттік субвенциялар көзделсін.

13. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 28.10.2019 № 47-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Аудандық бюджетінде 8 қосымшаға сәйкес 2019 жылға ауылдық округтер бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер көзделсін.

15. 2019 жылға арналған бюджеттің инвестициялық жобаларына бөлінетін даму бюджеттік бағдарламалар 9 қосымшаға сәйкес бекітілсін

16. Бюджеттік сала жұмысшыларына төлемақыны толық мөлшерде төлеу қамтамасыз етілсін.

17. Азаматтық қызметшілер болып табылатын ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарына қала жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын мамандардың айлықақы және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес проценті жоғары лауазымдық айлықақы мен тарифтік ставкалар көзделсін.

18. Осы шешімінің 17-бабы ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пунктерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

19. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының Ақжар аудандық
мәслихат сессиясының
төрағасы

С.Ахметова

Солтүстік Қазақстан
облысының Ақжар аудандық
мәслихаттың хатшысы

А.Хоршат

Ақжар аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 25
желтоқсандағы № 35-4 шешіміне 1 қосымша

Ақжар ауданының 2019 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 28.10.2019 № 47-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 22.11.2019 № 48-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Атауы		Сомасы, мың тенге
	Сыныбы		
		Кіші сыныбы	
		1) Кірістер	4610625,7
1		Салықтық түсімдер	354003,3
	01	Табыс салығы	8495
		2 Жеке табыс салығы	8495
	03	Әлеуметтік салық	141620
		1 Әлеуметтік салық	141620
	04	Меншікке салынатын салықтар	80747,8
		1 Мүлікке салынатын салықтар	58377,8
		3 Жер салығы	2815
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	6662
		5 Бірыңғай жер салығы	12893
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	76899,5
		2 Акциздер	1163
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	72142,5

	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3474
	5	Ойын бизнесіне салық	120
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	46241
	1	Мемлекеттік баж	46241
2		Салықтық емес түсімдер	14790,4
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3546,5
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3508
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	38,5
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2344,4
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2344,4
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	8899,5
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8899,5
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7735
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	535
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	535
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	7200
	1	Жерді сату	7200
4		Трансферттердің түсімдері	4234097
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4234097
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4234097

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		2) Шығындар	4612347,2
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	298433,6
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16753
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16496
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	257
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	106392,4
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	91506
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1656,4

	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	13230
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	131421,6
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	110910,9
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20510,7
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	763,3
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	558,3
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	205
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14055,6
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13911,3
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	144,3
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	29047,7
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28477
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	570,7
02		Қорғаныс	7109,5
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7109,5
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4839
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	988,5
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1282
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	162,2
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	162,2
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	162,2
04		Білім беру	2722676,8
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2261215,5
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	187549
	003	Жалпы білім беру	2018815,5
	006	Балаларға қосымша білім беру	54851
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	52311,5
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	52311,5

464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	409149,8
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7938
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	31877
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7221,5
	023	Әдістемелік жұмыс	16270
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	12673
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	333170,3
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	344397
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	146170,3
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	146170,3
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	8315
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	8315
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	189911,7
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	104432,4
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	14706
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1028,6
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	7228
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	2201,8
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	30683,4
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22752,9
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1788,1
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	183,3
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	4806,2
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	101
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	379955,4

472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	293553,6
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	2000
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	291553,6
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4510
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	4510
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	77984,8
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	77984,8
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3907
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3907
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	235699,9
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	31674,1
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	31674,1
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	26721,7
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	26721,7
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	61180,8
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9753,7
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	387,6
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	18158
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	32881,5
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	15000
	008	Спорт объектілерін дамыту	15000
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	42823
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	42089
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	734
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	8674
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8674
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33468,3
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9075
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	135,3

	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	24258
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	16158
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9377
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6781
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	146392,7
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	35426,4
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35203,8
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	222,6
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	80196
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8457
	005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1253
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	455
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	966
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	4389
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	4610
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	58538
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1528
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	12922,3
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9951
	003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	2252
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	719,3
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	17848
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	17848
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	10475,3
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	10475,3
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10131
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	344,3
12		Көлік және коммуникация	16500

458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16500
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	11500
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	5000
13		Басқалар	287309,3
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	8889,3
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8780,3
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	109
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	10757
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	10757
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4495
	026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1960
	066	Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2535
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	263168
	079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	263168
14		Борышқа қызмет көрсету	38,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38,5
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	38,5
15		Трансферттер	163197
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	163197
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	600
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	121808
	038	Субвенциялар	37989
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	2800
		3) Таза бюджеттік несиелер	15789
		Бюджеттік кредиттер	45450

10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	45450
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	45450
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	45450
Санаты			
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	29660,7
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	29660,7
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	29660,7
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-17510,8
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	17510,8
Санаты			
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
7		Қарыздар түсімдері	45450
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	45450
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	45450
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы, мың тенге
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	29660,7
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	29660,7
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	29660,7
Санаты			Сомасы, мың тенге
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланалатын қалдықтары	1721,5
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	1721,5
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1721,5

Ақжар ауданының 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы мың тенге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
		1)Табыс	2627531
1		Салықтық түсімдер	331869
	01	Табыс салығы	9090
		2 Жеке табыс салығы	9090
	03	Әлеуметтік салық	142003
		1 Әлеуметтік салық	142003
	04	Меншікке салынатын салықтар	81336
		1 Мүлікке салынатын салықтар	60724
		3 Жер салығы	1445
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	2332
		5 Бірыңғай жер салығы	16835
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	95073
		2 Акциздер	1374
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	87100
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6202
		5 Ойын бизнесіне салық	397
	08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4367
		1 Мемлекеттік баж	4367
2		Салықтық емес түсімдер	6461
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3714
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3681
		7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	33
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	2747
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	2747
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14000
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	14000
		1 Жерді сату	14000
4		Трансферттердің түсімдері	2275201
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2275201
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2275201

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы мың теңге
Бағдарлама			
		2) Шығындар	2627531
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	122545
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15184
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15184
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	74455
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	74455
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	726
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	616
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	110
